

бағытталған арнайы жаттығулар жиынтығы. Дизартриясы бар ересек мектеп жасына дейінгі балаларда әр дыбыста жұмыс істеу мерзімі едәуір ұзағырақ. Әр балаға жеке көзқарас қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия. Алматы: Дәуір, 2011. — 648б.
2. Правдина О.В. Правдина О.В. Логопедия. Учеб. пособие - Изд. 2-е, доп. и перераб. - М.: Просвещение, 1973. — 272с.
3. Чиркина Г.В. Методы обследования речи детей: пособие по диагностике речевых нарушений. — М.: Владос, 2003. — 44 с.
4. Мастюкова Е.М. Ребенок с отклонениями в развитии. Ранняя диагностика и коррекция. — М.: Просвещение, 1992. — 95 с.
5. Мастюкова Е. М., Ипполитова М. В. Нарушение речи у детей с церебральным параличом: Кн. для логопеда. - М.: Просвещение, 1985. https://pedlib.ru/Books/5/0465/5_0465-80.shtml

ӘОЖ 37.035

<https://doi.org/10.53355/o5170-8219-9887-h>

БОЛАШАҚ ЖАСТАРДА ТОЛЕРАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ ТАЛДАУ

Джолдасова А.А.

Ғылыми жетекшісі: Сыдыкбекова М.А., п.ғ.к., оқытушы-дәріскер
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: doszog@mail.ru

Мақалада ғылымдағы толеранттық, болашақ жастарда толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәселесіне талдау жасалынып, толеранттық категориясының маңызды аспектілері көрсетілген.

Тірек сөздер: толерант, толеранттық, мінез-құлық.

В статье рассматриваются вопросы толерантности в науке, формирование толерантного поведения у будущей молодежи, выделяются важные аспекты категории толерантности.

Ключевые слова: толерант, толерантность, поведение.

The article discusses the issues of tolerance in science, the formation of tolerant behavior among future youth, highlights important aspects of the category of tolerance.

Key words: tolerance, tolerance, behavior.

Толеранттық мәселелері антикалық дәуірден бастау алған. Антикалық кезеңнен өз жалғасын тапқан көптеген теориялық қағидалар қалыптасты. Ерте заманға зерттеулерде толеранттылық ұғымы «ізгілік», «рақым», «шыдамдылық», «төзімділік», «адамгершілік» идеялары негізінде көрініс тапқан. Аристотель (б.з.д. 384-322 ж.ж.) «Никомаховая этика» атты еңбегінде: өзіне мейірімділік көрсеткен адамға түсіністікпен қарайтын адамды жақсы деп есептеуге болмайды», «жақсы адам» өзгеге сондай қарым-қатынас көрсеткен адам, ал бұл қиын іс», - деп жазған [1, 85 б.].

Ғылымдағы «толеранттық» сөзінің этимологиясына назар аударсақ, толеранттық түсінігі латынның «tolero» - «шыдау», «төзу», «көндігу» сөзінен шыққан. Қазіргі шет ел сөздігінде толеранттық «tolerantia» деген латын терминінен алғанда, ағзаның кез-келген бір улы заттың қолайсыз жағдайына төзімділігі, біреуге, бір нәрсеге деген «шыдамдылық», «жұмсақтық» деп көрсетілген [2, 610 б.].

Испан тілінде «*tolerancia*» – «өз пікіріне қайшы келетін идеялар мен пікірлерді қабылдау қабілеті» деп көрсетілсе, немісше-орысша сөздікте «*tolerant*» - «біреудің пікіріне шыдау» дегенді білдіреді [3, 290 б.]. Қытай тілінде толеранттық «басқаларға кеңпейілділікпен қарау» дегенді білдірсе, парсы тілінде «шыдам, шыдамдылық, төзім, татуласуға дайындық» дегенді, француз тілінде «*tolerant*»- «шыдамды, мейірбан», ал, «*tolerare*»- «төзу, қолдау көрсету» дегенді білдіреді [4, 83 б.]. Кеңес энциклопедиялық сөздігінде толеранттылық - басқаның пікіріне, сеніміне, тәртібіне деген шыдамдылық ретінде түсіндіріледі. Көрсетілген түсіндірмелердің негізінде «толеранттық» ұғымын салыстырып қарау арқылы толеранттық адам құқығы мен тұлғаға сыйластыққа негізделген қағидалар жүйесі деген тұжырым жасауға негіз болды.

Ж.Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында этика, әдептілік, қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасы, сөйлесуі, жан-жақты қарастырылып, мемлекеттің мықтылығы қалың әскерге де, қарулы күштердің көптігінде емес, адамдардың татулығына байланысты деп санап, адамдықты сипаттайтын негізгі төрт қасиетті бөліп көрсетті: әділдік, ақыл, бақыт, қанағат деп бөліп көрсетті [5]. М.Жұмабаевтың шығармаларында адалдық пен адамдыққа, отансүйгіштікке, шыдамдылыққа, жалпы адамгершілікке тәрбиелейтін идеялардың басымдылығымен ерекше [6].

Толеранттық идеясы дамуындағы ерекше кезең XVI ғасыр, реформалар дәуірі сенім шыдамдылығы ретінде толеранттық мәселесін ерекше қойды. XVI ғасырдың бірінші жартысында христиандық гуманизм діни дискуссияның кейбір еркін бағытта дамуына әсер етті. Гуманистер ешқандай қысымды, әсіресе еретиктерді өлім жазасына кесуді мойындаған жоқ. XVI ғасырдағы діни дебаттар ізгілікке шақыру, жеке сананы сыйлау сипатында болды. Адам жанының қалтарыстары туралы сөз болғанда қажетсіздік пен зорлық зомбылықты болдырмау сана арқылы атап өтілді. XVII-XVIII ғ.ғ. толеранттықты саяси утилитаризм көзқарасы тұрғысынан талдау қажеттілігі туралы, сондай-ақ бұл әлеуметтік әрекеттің мүмкіндігінің шектеулілігі туралы түсінік орын алды.

Философ И. Кант (1724-1804) еңбектері толеранттық проблемасын адамның ішкі «мені» тұрғысынан қарастырып, толеранттылықтың «Өзгеге» қатыстылығы мәселесіне пайымдаулар жасаған [7]. И. Кант адамда екі жақты бейімділік болады: бірі - өзі сияқтылармен пікірлесу мүддесі, екіншісі - оқшаулануға тырысу. Бұл жағдайда адамның өз туыстарымен сыйласудан басқа амалы қалмайды, адам өзінің басқаларға деген табиғи шыдамсыздығын жеңе алады, қоғамда құндылықтарға ие болып, өз орнын табады деген пікір білдіреді.

Ғалым М.В. Ломоносов жалпы адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалады; адамдар тұрмысындағы құндылықтар мен маңыздылық туралы айта келе, жастарды «жақсы іс-әрекет жасауға шақырды, себебі тек солар арқылы байлыққа да, өшпес даңқ пен атаққа да қол жеткізуге болады», -деп ақыл айтты [8].

Швейцар педагогі И.Г. Песталоций өте қарапайым жолмен адам бойындағы ізгілікті сезімдердің алғышарттарын түсіндіруде адамгершіліктің алғашқы бастауы сәби бойында пайда болатын өз анасына деген махаббат сезімі, кейін тәрбие арқылы бала сүйіспеншілігі объектісіне кіретін шеңбер кеңейе түседі. Сөйтіп, сәби өз сүйіспеншілігін әкесі мен бауырларына, ұстазы мен жолдастарына көрсетеді. Соңында бала халқына да сондай сүйіспеншілікпен қарауға бейімделеді [9].

Психологиялық тұрғыдан толеранттық ішкі қондырғы және тұлға мен ұжымның арасындағы қарым-қатынасы ретінде көрінсе, қарым-қатынас деңгейінде - әрекет немесе заң мен дәстүр арқылы көрініс табатын қоғамдық мінез-құлық нормасы ретінде көрінеді. Қондырғы ретінде толеранттық ерікті жеке таңдау сипатына ие, ол ешкімге міндеттелмейді, ал тәрбие, ақпарат және жеке өмір тәжірибесі арқылы қалыптасады. Әрекет ретінде - бұл өзін-өзі шектеудің белсенді позициясы, субъектілер арасындағы түрлі қарама-қайшылықты жағдайлардағы өзара шыдамдылыққа ерікті келісім.

Толеранттық категориясының маңызды аспектілері төмендегідей:

- толеранттық шыққан тегіне қарай әлеуметтік категория (адамның әлеуметпен қарым-қатынасы үдерісінде туып, көрініс береді);

- адамның әлеуметпен қарым-қатынасының ерекше түрлерін көрсетеді (зорлық-зомбылықсыз, бейбітшіл, талас-тартыссыз);

- маңызды қасиет-көрініс тұрақтылығы;

- тұлға қарым-қатынасы түріндегі саналық деңгейі және саналы әрекет ретінде көрінетін мінез-құлық деңгейі;

- толеранттыққа тәрбиелеуге болады және оны тәрбиелеу керек, ол үшін арнайы педагогикалық жағдайлар ұйымдастырылуы қажет;

- толеранттық түсінігінің негізгі мазмұны көп өлшемді қоғамдық тұрмысты түсіну, жеке тұлғаға сыйластық, жеке адамдардың ерекшеліктеріне, көзқарастарына, ұстанымдарына, сенімдеріне шыдамдылық;

- агрессияға, жаугершілікке және зорлық-зомбылыққа белсенді қарсылық;

- толеранттық әмбебап категория емес: оның мазмұны мен шектері, қатардағы азаматтар мен әлеуметтік кеңістіктегі белсенділер арасындағы әдептер саны тарихи тұрғыда ғана емес, мәдени дәстүр, қоғам жағдайы және көптеген басқа факторлар арқылы да ерекшеленеді. Яғни, толеранттық - жеке тұлғаның әлеуметтік өсуінің көрінісі деп анықтадық. Толеранттылық-басқалардың мінез-құлық модельдерін, нанымдары мен құндылықтарын либералды қабылдау.

Біздің ойымызша толеранттылық дегеніміз-бөтен деп саналатын өмір салтына, мінез-құлыққа, дәстүрлерге, сезімдерге, идеяларға, нанымдарға, көзқарастарға, қасиеттерге, әдеттерге деген шыдамды қатынас. Толеранттылық түрлі халықтардың, ұлттардың және діндердің ерекшеліктеріне қатысты қажет болатын қасиет. Бұл ұғым қазақ ойшылдарының еңбектерінде тікелей осы мағынада қарастырылмағанымен, гуманизм, әлеуметтік әріптестік, мәдени сабақтастық, бірлік, зорлықсыздық идеялары арқылы айқын көрінеді.

Толеранттық қағида мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас барысында бұзылса, бұл даму деңгейі төмен мемлекеттің тәуелділігіне немесе бейбітшілігінің бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін. Қоғам тұлғаға қатысты толеранттық қағидасын бұзса, ол сол қоғамдағы адам құқығының аяққа тапталуына әкеп соқтырады. Жеке тұлға қоғамға немесе қоғамның басқа адамына қатысты толеранттық қағидасын бұзса, мұндай қоғам қылмыстық қоғамға айналады.

Сонымен қорыта келгенде толеранттық мінез-құлық басқаның пікіріне сыйластықпен қарап, шыдамдылық танытып, туындаған мәселені келісіп шеше білу, зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету. Шиеленісті жағдайларда өзін-өзі ұстай білетін, қақтығыс жағдайларынан бейбіт жолмен шаға білетін, өзгенің пікіріне, мінез-құлқына шыдай алатын, қарым-қатынасқа әр уақытта дайын, өз ұстанымын қайта қарауға икемді тұлғаны - толерантты тұлға дейміз. Толеранттық қағидаларының кез-келген тұрғыдағы бұзылуы қарым-қатынастың дисгармониясы мен социумның бұзылуына әкеп соғады. Яғни қазіргі қоғам толеранттық мінез-құлықтың қалыптасу технологиясын жасау үшін әлеуметтік тапсырыс береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аристотель. // Соч.: в 4-х т. - М.: АН СССР, 1983 . – С.830. - Т.4.
2. Современный словарь иностранных слов: толкование, словоупотребление, словообразование, этимология / Под ред. А.В.Боброва и др. 2-е изд. Стереот.- М.: Цитадель, 2001.- 928 с..
3. Словарь иностранных слов . - М: Рус.яз., 1988. - С.624.
4. La tolerance au risque de l'histoire. Lyon, Aleas, 1995.- 242 p.
5. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986 . – 358 б..
6. Жұмабаев М. Педагогика.- Алматы: Рауан, 1993. – Б. 154.
7. И.Кант Об изначально злом в человеческой природе.- Москва, 1972
8. Ломоносов М.В. Полное собрание сочинений. - М.: Просвещение, 1957.- С.57-126. - Т.7.
9. Пестолоций И.Г. Избранные педагогические сочинение 2-том. /под ред. В.Н.Столетова. – Москва: Педагогика, 1981.- С.334.